

1. Кездейсоқ айнымалылар арасындағы байланысты анықтау үшін Пирсонның корреляция коэффициентінің қолданылу шарты
 - A) номиналді белгілер
 - B) сапалық белгілер
 - C) белгілер қалыпты таралған
 - D) тәуелсіз белгілер
 - E) ординальді белгілер
2. Зәрдегі андростерон (мг/тәулік) көрсеткіші мен адам жасы арасындағы (жас) өзара байланысты зерттеу кезінде $-0,53$ корреляция коэффициенті алынды. Корреляция коэффициентінің күші мен сипаты
 - A) әлсіз және тура
 - B) күшті және тура
 - C) орта және кері
 - D) әлсіз және кері
 - E) күшті және кері
3. Әртүрлі екі топта S дәрмек затының қандағы мөлшері анықталды. Нөлдік жорамалдың ұйғарылуы
 - A) екі топтың несептегі S дәрмек затының мөлшері бірдей
 - B) екі топтың қандарындағы S дәрмек затының мөлшері әртүрлі
 - C) екі топтың қандарындағы S дәрмек затының мөлшері бірдей
 - D) екі топтың несептегі S дәрмек затының мөлшері әртүрлі
 - E) екі топтың қабылдаған S дәрмек затының мөлшері бірдей
4. Дисперсиялық талдау кезіндегі балама жорамал
 - A) кездейсоқ шаманың дисперсиялары тең
 - B) кездейсоқ шама қалыпты таралған
 - C) барлық топтардың орта мәндері бір-біріне тең емес
 - D) барлық топтардың орта мәндері бір-біріне тең
 - E) кездейсоқ шаманың дисперсиялары тең емес
5. Топтардың ішіндегі шашырауды сипаттайтын дисперсия
 - A) жалпы дисперсия
 - B) түзетілген дисперсия
 - C) топаралық дисперсия
 - D) қалдық дисперсия
 - E) факторлық дисперсия
6. Динамикалық қатардың берілген деңгейі мен негізгі (бастапқы, алдыңғы) деп алынған деңгейдің айырымы
 - A) деңгейді үлкейту
 - B) өсімнің 1% абсолют мәні
 - C) өсім қарқыны
 - D) өсу қарқыны
 - E) абсолюттік өсім

7. Зерттеушілер бос гепарин мөлшерін сау адамдарда және стоматитпен ауыратын адамдарда өлшеді. Ықпал етуші фактор
- A) стоматит ауруы
 - B) гепарин мөлшері
 - C) емделу күні
 - D) ауру адамдар саны
 - E) сау адамдар саны
8. Орайластық кестесінің қандайда бір торында күтілетін жиілік 5- тен аз сапалық деректерді талдауда қолданылатын критерий
- A) Фишердің дәл критерийі
 - B) Хи-квадрат
 - C) Уилкоксон
 - D) Стьюдент
 - E) Манн-Уитни
9. Семіздіктен зардап шегетін аурулардың артық салмағын тастауға мүмкіндік беретін препараттың тиімділігі зерттелді. Емдәм ұстаған және препаратты үнемі қабылдағандар мен плацебо қабылдағандардан жоғалтылған салмақтың (кг) шамасы өлшенді. Нөлдік жорамалдың ұйғарылуы
- A) семіздіктен арылуға плацебо тиімсіз
 - B) семіздіктен арылуға препарат тиімді
 - C) семіздіктен арылуға препарат тиімсіз
 - D) семіздіктен арылуға емдәм тиімді
 - E) семіздіктен арылуға емдәм тиімсіз
10. Гипертониямен ауыратын науқастарда емнің әсері анықталды. Зерттеуге қатысушылардан систолалық артериялық қан қысымы деңгейі емге дейін және емнен кейін өлшенді. Емнің систолалық артериялық қан қысым деңгейіне тиімділігінің шынайылығын бағалау үшін параметрлік емес критерий қолданылды. Нөлдік жорамалдың ұйғарылуы
- A) емге дейін шаралар артериялық қан қысымының мөлшеріне маңызды ықпал етпейді
 - B) емдеу шаралары артериялық қан қысымның мөлшеріне маңызды ықпал етеді
 - C) емдеу шаралары артериялық қан қысымның мөлшеріне маңызды ықпал етпейді
 - D) емханада жатқан күндер артериялық қан қысымның мөлшеріне ықпал етпейді
 - E) емнен кейін шаралар артериялық қан қысым мөлшеріне маңызды ықпал етеді